КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

15 ақпан 2024 жыл №4712-24-00-2/332 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"MedicalLife Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) тұрақсыздық айып өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі жауапкер "MedicalLife Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне келтірген мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айып өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"MedicalLife Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"MedicalLife Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 3477 (үш мың төрт жүз жетпіс жеті) теңге 60 (алпыс) тиын тұрақсыздық айыбы және 1950 (бір мың тоғыз жүз елу) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 21.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.04.2024, судья Тленов А. Ш., 01.05.2024

4712-24-3-1/182